«АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ» АТТЫ АЛТЫНШЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай «АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ» атты алтыншы халықаралық ғылыми конференция өтті. Конференцияға отандық және шетелдік әдебиеттанушы, абайтанушы ғалымдар, ЖОО мен ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары, докторанттар, магистранттар мен студенттер, сондай-ақ БАҚ өкілдері қатысты.

Аталмыш конференция әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Марғұлан Қасенұлы Ибраимовтың кіріспе сөзімен ашылды. Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, ф.ғ.д., профессор Жанғара Дәдебаев «Абай ілімі – алтыннан ардақты құндылығымыз» тақырыбында баяндама жасап, конференцияға қатысушыларға Абай ілімі және оның мән-маңызы жөнінде тағылымды ақпарат берді. Абайтанушы ғалым: «Абай ілімі – жібектен аяулы, алтыннан ардақты рухани байлық. Абай ілімін оқымаған, білмеген, өмірде қолданбаған маманның мақтануына да, баптануына да болмайды. «Абай ілімі» оқу пәнін жоғары білім беру бағдарламаларына міндетті оқу пәні ретінде енгізудің әлеуметтік, мемлекеттік маңызы бар», – деп ой қорытты.



Модератор – ф.ғ.к., доцент Ләйла Мұсалы қатысушыларды конференция мақсатымен, қарастырылатын басты мәселелердің мазмұнымен таныстырды. Конференцияда Абай ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкерлері, ф.ғ.д., профессорлар Дандай Ысқақұлы, Қансейіт Әбдезұлы, ф.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессорлары Темірғали Оразғалиұлы Есембеков, Аслан Жәмілұлы Жақсылықов, сонымен қатар Алматыдағы Иран Бас консулдығының Иран мәдени атташесі Ағазаде Хоссейн, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор, Бахтиёр Рахманұлы Каримов баяндама жасады.



Сондай-ақ конференцияға М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің профессоры, ф.ғ.д. Сәмен Оразғалиұлы Құлбарақ, Абай ғылыми-зерттеу институтының қауымдастырылған профессоры Төрегелді Рахманбердіұлы Тұяқбай, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, ф.ғ.к. Раушан Әбдіқұлова, доцент, ф.ғ.к. Самал Дәрібайұлы, ақын, «Құрмет» орденінің иегері Әлібек Шегебай, Фараби кітапханасының директоры Жадыра Айдынғалиқызы Арекенова қатысты.

Жиында Абайдың 180 жылдық мерейтойы аясында М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының профессоры, ф.ғ.д. Қанипаш Қайсақызы Мәдібай Абай ғылыми-зерттеу институтының «Абай ілімін дамытуға қосқан зор үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Конференцияның екінші бөлімінде Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалып, оқу үдерісіне енгізілген «АБАЙ ІЛІМІ» пәні бойынша студенттер дайындаған шағын көріністер қойылып, Абайдың үздік әндері орындалды.



Қатысушылар кітап көрмесімен және «Абайдың кісілік кодексі», «Абайдың таксономиясы», «Абай ғылыми-зерттеу институтының еңбектері» тақырыптарындағы ақпараттық көрмелермен (roll-up) танысты.

Абай институтының ақпараттық қызметі
31.10.2025